

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛПТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

XII том

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология

және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жсэне

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№ 2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,
Ә. Тарап, А. Темірболат, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев
(хатшылар тобының жетекшісі)

Пікір жазған

филология гылымдарының докторы, профессор **Б. Жақып**

Жалпы редакциясын басқарған

филология гылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Баспаға дайындағандар:

Б. Баязитов, Г. Іскеқақова

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XII том. М.О. Әуезов
Абайтану мәселелері. Макалалар / құраст., түсінік. жазғ.:
Д. Қарағойшиева, Л. Мұсалы; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті. – 2017. – 302 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2266-7 (12-том)

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымның он екінші томына
М. Әуезовтің Абайдың өмірбаяны туралы еңбегінің екінші, үшінші нұсқалары
және абайтану мәселелері бойынша әр жылдарда жазған макалалары берілген.
Томга енген еңбектердің ғылыми және таңымдық маңызы үлкен.

Енбек орта және жоғары оқу орындарында білім алушы жастарға, жас
мамандарға, зерттеушілерге және көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық
зерттеу бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2266-7 (12-том)

© Әуезов М.О., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2017

АБАЙДЫҢ ХАЛЫҚТЫҒЫ МЕН РЕАЛИЗМІ

Ақынның өмірлік жолдасының мұндасы – өлең-жырдың үзілгеніне елу жыл толды. Сол бір естен кетпес, мұнда жазда елсіз-күнсіз Жидебай жазығында, көзге зерен ілінетін шағын төбенің үстінде, жұпинаған жас қабір пайда болды. Ол мұнда даланың ақын ұлына қойылған жалғыз белгі еді.

Біздің көз алдымызға тарихи даталардың жиырма жылдықтың, отыз жылдықтың, қырық жылдықтың және ақынды еске түсірудің қазіргі елу жылдығының елестері келеді... Мұның өзі өз елінің ар-намысы, атақ-данқы, мақтанышы болып отырған Абайға деген сүйіспеншіліктің, ардақтаудың күшейе түскендігінің белгісі, соның шұғыла нұры болып отыр.

Казірде Абай данқы алдында ұлы орыс халқының және Совет Одағының басқа да туысқан халықтырының жазушылары мен ақындары аса қадірмен шын жүректен, құрмет ете, туыс көре бас иеді.

Адамзат баласы жасаған барлық рухани байлықтарды еске түсіріп қана қоймайды, оның өмірі мен творчествосын зерттеп біледі, оның елден ерек тағдырын, катал заманда, сүренсіз кезеңде күресіп өткенін де біледі. Социализм мемлекетінде орнап отырған бақытты дәстүр бойынша, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің, біздің барлық халықтарымыздың өткен өміріндегі аса құнды дегеннің бәрінә қамқорлық қөрсете, сүйіспендікпен қарайтын дәстүрі бойынша, елімізде Абай творчествосы көп тілдерде насиҳатталып келеді.

Мұраларды, жеке адамдардың есімін сөздің толық тарихтық мағынасында бүкіл халық болып кеңінен құрметтеу біздің социалистік мәдениетіміздің дамыған жылдарында көрінді. Тарихи процесс біртіндеп қалыптаса берді, мұнның өзі, уақыт пен игі заманың алмасты ажарлай түсіү сияқты, ұлы зергердің шебер қолымен бриллиантты жүз құлпыртып, нұр жайнатып қырлауы дерлік.

Біздің кезімізде Абай есімінің мұншалықты бүкіл халықтық сүйіспендікке бөлөнуінің себебі неде? – деген занды сұрақ тауды. Бұл сұраққа берілетін түсінік пен жауап бірнешеу. Бірақ басқа анықтауларды келтіруден бұрын ұлы қытай халқының

бір халықтық даналық сөзін Абайға хастай айта кетуді орынды көрдік. «Ақылды ара семген гүлден нәр алмайды», – дейді екен қытай халкы. Адал жанды, дарынды ақын Абай да нәрді өз творчествосына шіріген, күні өткен шалшықтан алмай, бар әсерді, жүрегін тебіренткен ыстық сезімдерді, ойы мен арманын сарқылмастай қайнардан алды, өмірден алды, өмір үшін алды.

Абайдың ұлылығы мен мәнгі жасайтындығының негізі – ақын искуствосындағы мызымайтын, қуатты екі қасиет: халықтық пен өмірлік, былайша айтқанда, оның творчество-сындағы халықтық пен реализм.

Абайдың халықтығының ерекше қасиеті неде? Біздінше, Абайдың халықтығы, алдымен, мынада: өзінің бүкіл идеялық ізденулерімен, өзінің бүкіл творчестволық қызметімен ол өз халқы тарихының, өз заманының алға сүйрекен прогрестік дамуының негізгі арнасында болды және бұл жөнінен ол шексіз бай, алуан бейнелі болып келеді.

Абай өз халқының рухани мүмкіншіліктерін іздең табуда, халықтың терең қойнауында мұлгіп жатқан мүмкіндіктерді іздең табуда халықтық болды, олар тек сол заманының, сол күндердің ағымдағы қажеттеріне ғана қызмет етіп қоймай, ұзақ уақыттан алыстағы тарихи болашақ үшін көпке созылғандай игі қызмет етіп, бірден бірге арта түсетіндей рөл атқаруы жөнінде халықтық болды. Пушкиннің алатын орны жайындағы Белинскийдің анықтамалары, Совет Одағының басқа да туысқан халықтарының кеменгер ұлдары Шевченко, Чавчавадзе, Абовян, Ахундов, Тоқай сияқты Абайға дәл келеді. Белинский: Пушкин қазіргі күн үшін жұмыс істей отырып, келешекті әзірлейтін және солай болған, сонда тек өткен кезге ғана тән болып қала алмайтын творчество данышпандарының, сондай ұлы тарихи тұлғалардың қатарынан орын алады», – деп жазады.

Біз Абайдың халықтығының себебін оның аса құнды жеке шығармаларының халықтың ауыз әдебиеті үлгілерімен тақырыптас болуынан іздесек, оған дұрыс анықтама бере алмаймыз. Өткен кездің ұлы ақындары мұрасының халықтық болуының мәні мен дәрежесі бұлай анықталып, бұлай өлшенбейді.

Шота Руставелидің халықтығына шығыстың халық ертегілерінің мотивін пайдалануын негізге ала анықтама берсек, терең қателескендік болар еді, бұл ғылымға қарсы шыққандық болар еді. Біз Низами мен Науайдің халықтығы олардың «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасында арабтың халық анызы мотивін пайдалануы болды деп айта алмаймыз.

Мәселе мынада, кандай жазушының болса да халықтық жағының ең терең тарихи мәні халықтың рухани байлығының дамуы процесіндегі бағыт беруші рөлі болады. Солай болған соң, мәселе өз заманында оның өз халқының рухани мәдениетін қаншалықты алға бастырғанына, оны қаншалықты байытқанына байланысты болады. Ал біздің халықтарымыздың барлық классиктері, данышпан ұлдары, оның ішінде Абай да халық ігілігін байыта отырып пайдаланды, дамыта отырып, творчество-лық жағынан кемеліне келтіре отырып байытты. Халықтық де-ректемелерге осылай қарау арқылы, яғни оларды творчество-лық жолмен игеріп, дамыту арқылы ғана олар өздерінің жаңа тарихи дәуірлерінің алдынғы қатарлы идеялары мен армандарын көркем етіп бейнелеп берудің ең жоғары дәрежесіне жете алды. Бұл жағынан қарағанда, бастапқы халықтық мотив, халықтық дәйек-теме мен ұлы классиктің ақындық бейнелеуінің арасындағы қашықтық, шамамен алғанда, жертөле мен мәдениет сарайының арасындағы айырмадай болып шығады.

Абай творчество-сының негіздеріне мол суат болған халықтың ауыз әдебиеті мен Абайдың аса көміл ақындық мәдениетпен ең биң шыңға көтерілген өлеңдерінің арасындағы қашықтық та, міне, осындай болып келеді. Алайда мұның алғашқы бастамасы – халықтық, ақынның мұрасы болып қалған толық құнды, жаңараган және дами түсken түрі де халықтық. Біздің Отанымыздың әдебиет пен искусство-сының барлық салаларындағы барлық классиктерінің ең жақсы деген шығармалары сияқты, Абай творчество-сы да өз халқының тарихын өте-мөте соны, жаңа құнды шығармалармен байытты, солай болған соң, бұкіл адамзат баласын жаңа асыл қазынамен байытты. Бұл асыл қазыналарды халықтың мұраланып қалатын себебі, мұндай адамдардың көміл ұлтілөрі халықтың рухани байлығының ең жоғарғы табысын бейнелейді. Бұлар – объективтік жағынан

халықтың алдыңғы қатарлы мәдениетінің келешекте кеңінен гүлденуіне себепші болатын көрсеткіштер.

Абайдың нағыз халықтық қайнардан нэр алып отыруының тамаша жағы оның әрбір фактіні, әрбір мотивті, жанды құбылыстың титімдейінің өзін искусствоға, нағыз поэзияға айналдыра білуінде.

Флобердің: «Ішінде поэзия жоқ материя атомы болмайды», – деген ойын Абай актап шықты. Ол өз заманының суренсіз шындығына өмірге қонымды, аса жоғары ақындықпен, сұрапыл сендіру күшімен баса-көктеп енді, оның бұраң негіздерін киаратуға тырысты, өз халқының алға ұмтылған прогресшіл дамуы жолындағы қайшылық, кедергі атаулының бәрін де әшкерелеуге, масқаралауға ұмтылды.

Сондықтан да өзінің кейбір әрекеттері мен шығармаларында тікелей халықтық бола отырып, ол өзінің көптеген өлеңдерінде халықты қанаушыларды солар қанап отырған көпшіліктің көзқарасы тұрғысынан аяусыз әшкерелеп отырады. Ол бұлай еткенде халықтың ауыз әдебиеттік ділмарлығын, шешендігін, мақалдарын, бай тенеулерін, халықтық өзілдің әдістері мен құралдарын байыта, жаңартпа отырып пайдаланады. Өзінің халық арасына кеңінен тараған көптеген өлеңдерінде ол ауыл кедейлеріне, жалшыларына, қазақ әйелдеріне ара түседі, қарапайым адамдардың бейбіт жасампаз еңбегін надан әкелердің тағылық тәртіппері бұзына қарсы шығады, өсіп келе жатқан жас ұрпақты жақтайды. Абайдың бұл атаптың өткен тақырыптарға жазған өлеңдері мен қарасөздері (фақлия) өте көп, бұларды ақын өзінің белсенді творчестволық ақындық қызметтінің өн бойында бірдей жазып өтулі. Және бұл шығармалар ақынның тікелей халықтығының бейнелерін сөзсіз сипаттап береді. Оларды халық тілінде жаза отырып, Абай ол тілді халықтың алдыңғы қатарлы ойы мен арманын мейлінше өткір, терен, дәл және нәзік түрде айтып жеткізе алатындағы етіп байытып, дамыта түсті. Бұл мәнде өзінің көптеген шығармаларында ақын тарихи жаңалығы және мәнділігі жағынан халық жыршылары айтып береде алмайтын және айтып беруі мүмкін емес, бірақ халық көпшілігінің санасында теренде, көмескі болса да көрініп қалып жүрген көп нәрселерді айтып берді.

Халықтың әлі ұғынып жетпеген, стихиялық армандарына саналы бейне бере отырып, бұл үшін сол кездегі орыс білімінің шыңына ұмтылған өзінің қолы жеткен бар табысын пайдалана отырып, ақын жалпы мәдениеттік, жалпы ұлттық асыл қазына жасады.

Абай творчествосында бейнеленген Белинскийдің, Чернышевскийдің эстетикалық принциптері, оның табиғат, махаббат, поэзия, музыка туралы мәнгі жасайтын лирикалық өлеңдері, оның орасан зор, өз заманы үшін аса жоғары тарихи мәні бар Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың және басқаларының шығармаларын аударушы ретіндегі ағартушылық қызметі, оның адамгершіліктің маңызы мен ұлылығы туралы поэмалары – өз алдына бір бөлек қазына. Бұларда Абай халықтың мұнын, халықтың қаналудан құтылу құралдарын тікелей сөз қылмайды, бірақ Абай мұрасының бұл жағы терең халықтық болып келеді.

Абайдың адамзат баласына тән ақындық мәдениеттің алдыңғы қатарлы элементтерін едәуір қамтитын бұл шығармалары қазақ әдебиетін ғасырлар бойына оқшау жатқан күйден, артта қалудан шығарды, қазақ мәдениестің жана, жоғары тарихи сатыға көтерді. Бұлар да халықтық, өйткені халықтың өзінен алған асыл қазынаны халықтың өзіне қажет нәрселермен, таяудағы тарихи болашақта халықтың өзі игеретін, туған халқының тарихи тағдырын жақсартуда онсыз мағына болмайтын нәрселермен байыта, шоқтығын көтере түсіп қайтарды. Абайдың халықтығы – оның өз халқының рухани зердесі болуында, халқы үшін ойланған, сезіне отырып, алдындағы алысты көруінде, халқына тарихи болашағын көрсетіп беруінде.

Сондықтан да тарихи фокустегідей, синтездегідей барлық аса маңызды деген бүкілхалықтық нәрселер, халықтың алдыңғы қатарлы ақыл-ойын тебренткен тарихи проблемалық нәрселер Абай творчествосынан айқын көрінді. Октябрь революциясына дейін қазақ халқының тарихында еңбекші халықтың тағдырын, оның болашағын, қоғамның қансоқталы жарапарын Абайдай ойлаған, қан жұта қамын жеген ешкім болған жоқ. Ол Белинский айтқандай, талант болды. «Бүкіл қоғамның тереңде жатқан ойының, мүмкін әлі де болса өзіне де көмескі армандарының органы болды. Екінші сөзben айтқанда, ақын жеке-дара, әл-

декалай нәрсені бейнелемей, жалпыға ортақ, қажет нәрсені, бүкіл өз заманына колорит және мән беретін нәрсені бейнелеуі көрек».

Міне, Абайдың халықтығының тұтас алғандағы мәнін бейнелеп беретіндер – осылар. Абай мұрасының басқа да осылар сияқты көптеген елеулі бейнелері бар. Алайда Абайдың халықтығына берілген бұл анықтама Абай мұрасы таптық табиғатта деген ұғымға қайшы келе ме? Біз көрсөтіп өткен Абай творчествосының халықтығы, Абай заманының талтық қоғамының жағдайларында, Абай мұрасының алдыңғы қатарлы демократиялық мәдениетке қосылатынын мейлінше толық анықтап береді. Олай болса, еңбекші халық бұқарасының мәдениетіне қосылғаны, былайша айтқанда, тарихи болашаққа ие еңбекші шаруалардың мәдениетіне қосылғаны. Сондықтан Абайдың халықтығы деген ұғымды біз оның бүкіл табиғаты таптық деген ұғыммен тікелей диалектикалық біртұтас байланыста түсінеміз.

Екінші мәселе, әсіресе республика жазушыларының съезі күндеріндегі өте-мәте актуалды мәселе Абайдың реализмі туралы. Бұлай дегенде, ақынның көптеген тақырыптарға: болысбiller, жебір байлар, сахара қүресінің билеп-төстөушілері – рубасылар, молдалар, надан, бірақ өткен кездің тағылық ғұрыптарын ұстануда көндей құрысқан катал әкелер туралы, парақор, сатылғыш чиновниктер, жалақорлар мен жатыпшер жалқаулар, тағысын-тағылар туралы жазған өлеңдері сахара өмірінің ең күрделі деген құбылыстарын мейлінше қамтығанын, оның бер жағында, бұларды поэзияда қамтығанын, өткен шақтың әлеуметтік шындығының терең тамырларын сыншылдықпен, өте айқын ашып бергенін көрсетеді.

Бұл шындықты суреттеп көрсету әдістерінде қазақ әдебиетінде принцип жағынан жаңа сапа пайда болды. Біз халық көпшілігін хандардың езуіне белсene қарсы шыққан Махамбет поэзиясында да реализм болғанын білеміз, бірақ Абай реализмі басқаша реализм болды, бұл нағыз искусствоның, жоғары искусствоның сапалық негізі болды.

Абай творчествосында шындық пен идеялық терең байланыс сендірерлікте өте айқын болып келеді. Сөйтіп, бұл Абай реализмінің өзіне тән сипатын құрайды. Абай шығармаларының

өзі суреттеп отырған шындықтың, негізінен алғанда, өзін қоршаған қоғамдық өмірдің барлық күнә-сүмдығы мен дерт-сырқатының бәрін бірдей өте батыл шындықпен, ашу кернеген ызамен әшкерелеп отыратындығы адам танғалғандай құшті. Абайдың тұрмыстың шірік-сасықтарын, қоғамдық зәбір-жапаны, надандықты, құлық-сұмдықты мейлінше тілдеген өлеңдерін оқығанда, В.И. Ленин: «...жалынды протестант, өлтіре әшкерелеуші, ұлы сыншы», – деп сипаттаған Л.Н. Толстой реализмі еске түседі.

Абайдың мұрасындағы айқын белгілер, мысалы, қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысындағы «қоғамдық өмірін» кеңінен, нақты түрде, жан-жақты алып, сын көзімен қарай суреттей Абай реализмі сыншыл реализм екенін көрсетеді. Мұндай фактінің қазақ жеріндегі тарихи алғышарттары Қазақстанға капиталистік қарым-қатынастардың ене бастауы, өлкедегі өндіргіш күштердің жана дамуы (қалаларда, өнеркәсіп ошақтарында), халықтың тұрмысына жана, отырықшы сибектің шарттарының ене бастауы, сауда-өнеркәсіптік қаланың ауыл мен деревняны қамтының күшіне түсіу және осы құбылыстарға байланысты өткен ғасырдың акырында, казақ қоғамындағы реформадан кейінгі шындықтың жалпы фонасында таптық жіктелу мен таптық антогонизмнің күшіне түсіу болды. Қазақ әдебиетінің тарихында XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі алдыңғы қатарлы казақ қоғамының үздік шыққан өкілінің творчествосында сыншыл реализмнің туып, дами түсінің идеологиялық және тарихи алғышарттары, міне, осылар болды.

Абай шығармасының дені өлең, бірақ өз тұсындағы қазақ шындығының суреттері оның шығармаларында кеңінен алынған әлеуметтік-экономикалық сипатта өте толық, бәрін бірдей қамтитын жан-жақты болып беріледі, өз заманының өте айқын айнасы болып шығады. Оның өлеңдері, поэмалары, қарасөздері өзіне тұстас қоғам өмірін, қоғамның барлық жіктерін, кәріжасын толық сарка қамтыған, әрқылы күйде қамтыған жан-жақты әнциклопедия болып келеді.

Мәселенің түйіні мынада: барлық көргенін, сезгенін, ой жүгіртіп, танып-білгенін Абай өз творчествосында нағыз реализм стилінде, яғни терең талдау жасай отырып, сын көзімен қарай бейнелеп берді.

Абайды тұтас оқып шыққанда, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, праволық, семьялық және қоғамдық халі туралы, сол сияқты тарихи мәдениеттік, моральдық күйі туралы тамаша айқын, жан-жақты және дәл түсінік алуға болады.

Абай мұрасы терен реалистік және алдыңғы қатарлы бола отырып, сол сыншыл реализм аумағында алдыңғы қатарлы идеялы болуымен көзге түсетін искусство болғаны даусыз.

Сонымен, біз көрсетіп өткен екі үздік қасиетті, атап айтқанда, халықтық пен өмірлі қасиеттер, яғни реалистік шыншылдық қазақ халқының рухани мәдениетінің бүкіл тарихындағы Абай творчествосының бүкіл жаңашыл және ұлы мәнін ерекше анықтап береді.

Бүкіл творчествосының бұл ең басты, анықтаушы белгілесін, өзін қазіргі тарихи мәніне ие өткен белгілерді, Абай орыстың классикалық ұлы дәстүрлерінен алды, соған борышты.

Абайдың эстетикалық көзқарастарының дамуынан Пушкин мен Лермонтов орасан зор орын алды. Өзінің онан арғы творчестволық эволюциясында Абай халық көпшілігінің асыл ойы мен борышы туралы Белинский мен Чернышевскийдің искусство шығармаларында өмірді түсіндіріп беретін және өмір құбылыстарына үкім шығаратын маңыз болады деген бір ғана он же тінші тезисі қазақ классигінің өмір көзқарасының көп жақтарын анықтап берді.

Біз Абайдың эстетикасында, дүниені түсінуінде және дүниеге көзқарасында Белинскийдің, Герценнің, Чернышевский мен Добролюбовтың көзқарастарымен айқын және терен байланыс бар екенін көреміз. Бұлар тұтас ғылыми талдау жасау үшін өте зор игі объект деуге болады. Және біз бұл қымбат бейнелерді Абай атына үлкен алғыс айта отырып еске түсіреміз, өйткені Абай бұл сияқты шипалы қайнарга соншалық шексіз сениммен, ентелеп сүюмен мойын бүрді, жатсынудың, керенаулықтың, фанатизмнің ғасырында мұның өзі өте сирек кездесетін, аса құнды жаңалық болды. Абайдың орыс әдебиеті мен қоғамдық ойының таңдаулы деген дәстүрлеріне осыншалықты дәйектілікпен, біржолата берілу фактісінен орыс әдебиетінің барлық халықтарға, әсіресе Россияның қаналушы халықтарына сергектік достықпен, көніл бөле қарайтын, ұлы гуманистік, өзіне тарту күші шешуші орын алады.

Добролюбов айтқан ойды: «Нағыз патриотизм, адамзат баласына деген адаптацияның жарыққа шығуы ретінде, жеке халықтарға жириене қараумен сыйыса алмайды», – деушілікті орыс халқының кеменгер ұлдарының тек бір ұрпағы ғана қайталап қойған жоқ. Совет жазушысы А.Н. Толстойдың: «Алдыңғы қатарлы орыс әдебиеті Россияны мекендеуші халықтарға мен-сінбей қарау дегенді ешуақытта білген емес. Онда кейбір Еуропа халықтарының әдебиетіне тән отарлық ағын, отарлық мотивтер ешуақытта болған емес», – деген сөздері әбден әділеттік еді.

Орыс әдебиеті мен қоғамдық ойының, міне, осы ігі ниетті, тарихи миссиясы өздерінің барлық жақсы дәстүрлерімен, XIX ғасырдың бүкіл өн бойында, Россияның езілген халықтарының арасынан шыққан Абай сияқты классиктің ақындық және қоғамдық бейнесінің үздік жаңа сапада дамуын, қалыптасуын тұжырымдай берді.

Ақынның сонғы кезеңдегі творчестволық және қоғамдық өмірінің барлық фактілері ақынның өз заманының реакцияшыл-консервативті күштерінен соншалық алыс, жат және оған беріл-местей бекем болғанын, оның есесіне өксігі күшті, өгей заманда өзінің иесіз қалған, бақытсыз халқына деген жарық сәулеге көрсетер жолды таңдап алуда мейлінше дәйекті, болаттай қажырлы ұлы болғанын дәлелдейді.

Бұл біздің бақытты ұрпағымыз үшін Абайдың ұлы есімін, қазақ халқының мәңгі өшпес даңқы мен мақтанышы болып отырған, (...) өзінің соншалықты сүренсіз тарихи алысынан совет халқына соншалықты жақын болып отырған Абай есімін асыл, қымбат ете туседі.

ТҮСІНІКТЕР

Абайдың өмірбаяны (екінші нұсқа). Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-т. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1984. – 149-202-б. [Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа / Құрастырып, баспаға дайындаған, зерттеу мақаланы жазған М. Мырзахметов. – Алматы: Санат, 1997. – 181-230-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 68-120-б.].

Абайдың өмірбаяны (үшінші нұсқа). Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18 т. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1984. – 63-202-б. [Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа / Құрастырып, баспаға дайындаған, зерттеу мақаланы жазған М. Мырзахметов. – Алматы: Санат, 1997. – 181-230-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 132-218-б.].

Абай ақындығының айналасы. Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әдебиет майданы. – 1934. – № 11-12. – 11-19-б. [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 10 т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 5-20-б; Абай институтының вебсайты].

«Евгений Онегиннің» қазақшасы. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17-т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 58-67-б. [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 12 т. Макалалар, оқулық, әдеби мұра. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 6-15-б; Абай институтының вебсайты].

Абайдың идеялық-мәдени ізденулері. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әдебиет майданы. – 1937; Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-т. Макалалар, зерттеулер, [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. – 5-10-б.; Абай институтының вебсайты].

Орыс классиктері мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 5-24-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 6-25-б.; Абай институтының вебсайты].

Абайдың өмірі мен еңбегі. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар / Құрастырушылар: Л.М. Әуезова, М. Мырзахметов. – 204-223-б.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904). Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 143-173-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 100-131-б.; Абай институтының вебсайты].

Абай еңбектерінің биік нысанасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер, мақалалар. – 34-41-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. - 85-83-б.; Абай институтының вебсайты].

Пушкин мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. / Жауапты шығарушылар Л. Әуезова, Т. Әкімов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 6-12-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 30-т.; Абай институтының вебсайты].

Абайдың халықтығы мен реализмі. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 31-т. – 125-134-б.; Абай институтының вебсайты.

Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. / Жауапты шығарушылар Л. Әуезова, Т. Әкімов. – 27-39-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 31-т.; Абай институтының вебсайты.

Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т.. Зерттеулер, макалалар. – 42-62-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 43-59-б.; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Абайдың өмірбаяны (екінші нұсқа – 1940).....	3
Абайдың өмірбаяны (үпінші нұсқа – 1944)	57
Абай ақындығының айналасы	139
«Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы	155
Абайдың идеялық-мәдени ізденулері.....	165
Орыс классиктері мен Абай	171
Абайдың өмірі мен еңбегі (Ұлы ақынның 100 жылдық юбилейіне жасаған баяндама).....	190
Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904) Өмірі мен творчествосы	211
Абай еңбектерінің биік нысанасы	241
Пушкин мен Абай	249
Абайдың халықтың мен реализмі.....	256
Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері	265
Қазақ халқының ұлы ақыны.....	277
Түсініктер	299

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
XII том**

Редакторы *K. Мұхадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын бәзендірген *Ұ. Әбдіқайымова*

ИБ№10550

Басуга 10.03.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 18,87 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №6145.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.